

## ЗҰЛХАЙЫР МАНСҰРОВ

Химия туралы қысқа да нұсқа айтылған ғылыми анықтамалар да, қарасөздер де, қанатты сөздер де аз емес. Олардың түпкі мәні мынадай түсінікке алып келеді: химия дегеніміз – жаратылыс, өмір. Физика саласының мамандарының ойы басқаша: жаратылыс, өмір дегеніміз — физика. Енді бір ғалымдар осыған мынадай түзету енгізгенді дұрыс көреді: нағыз жаратылыс, нағыз өмір — химиялық физика. Ал енді жаратылысты, өмірді білетін адамдар жайын әңгіме ете қалғанда, жаратылысты, өмірді білмейтін адамды табу өте қиынға түседі. Жоғарыда айтылған: «Нағыз жаратылыс, нағыз өмір — химиялық физика», - сияқты қанатты сөзге тоқтайтын болсақ, жаратылысты білетін адам химик ия физик не болмаса химиялық физиканың білгір маманы екені белгілі болады. Шартты, бейнелі айтылғанына қарамастан, осы ойлардың бәрінің негізінде ақиқат шындық жатыр. Осы шындыққа сүйене отырып, химия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Жану мәселелері институтының бас директоры Зұлхайыр Аймұхаметұлы Мансұров табиғатына қатысты мынадай бір ауыз бейнелі сөз айтқым келеді: Захаң — жаратылысты, жаратылыстың химиялық һәм физикалық қасиеттерін білетін адам. Жаратылыс, жаратылыстың химиялық һәм физикалық қасиеттері туралы білім — нағыз білім. Нағыз білімді ғалым — нағыз ғалым. Захаң — нағыз ғалым.

Дүниеде қасиетсіз зат болмайды. Ең ақыр аяғы қара жерде жатқан қара тастың өзінде адам алып жүре алмас асыл қасиеттер бар. Дүние-әлемдегі заттардың ең ардақты, асыл қасиеттері — химиялық және физикалық қасиеттері. Дүние-әлем заттарының химиялық қасиеттерін зерттеудің өзіне әлем ғұламаларының неше буын өкілдері өмірін арнады, соған қарамастан бұл бағытта сыры мен сипаты анықталған құбылыстардан жұмбақ күйінде, қасиеті ашылмай жатқан жайлар көп. Заттардың физикалық қасиеттерінің жайы да осындай.

Дүние-әлемдегі заттардың, құбылыстадның қасиеттері алуан түрлі, олардың сыны мен сырында шек жоқ. Адам өзінің шектеулі мүмкіншілігімен ондай шексіз сырдың шетіне жете алмайды. Ғылым мен білім жолындағы адамның еңбегі дүние-әлем құбылыстарының өлшеусіз сыры мен сынының белгілі бір өлшемді және өзекті түйінін шешу арқылы ғана өнеді. Ал «өлшеусіз» бен «өлшемді» арасын ғалымдардың мақсаты анық, ойлауы айқын тұрлаулы тұлғалары айырады.

Зұлхайыр Аймұхаметұлы Мансұров химия ғылымдарының шетсіз де шексіз әлеміне үңіліп, оның өлшемді өзегін тапты. Бірақ химиядағы сол өлшемді өзектің өзі физиканың айрықша бағытымен тоғысып жатты. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) химиялық физика кафедрасында, зерттеудің физикалық-химиялық әдістері лабораториясында зерттеуші-тәжірибе жинақтаушы, аспирант, кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, доцент, профессор, меңгеруші болып істеу ғалымның ғылымдағы үлкен мақсатын анықтауына септігін тигізумен бірге химиялық физика саласында жаңа бағыт ашуға алып келді. Одан беріде ғалым өзі таңдаған химиялық физика саласындағы ғылыми ізденістерін дамыта отырып, химиялық кинетика және жану процесі, нанотехнологиялар мәселелерін

зерттеумен шұғылданды. Осы бағытта жүргізген зерттеу нәтижелерін химиялық кинетика және жану кафедрасының тиісті бағыттары бойынша өндіріске енгізді, инновациялық нәтижелерге, нанотехнологиялық табыстарға жетті.

Зұлхайыр Аймұхаметұлы 1992 жылы университеттің ғылым жөніндегі проректоры болып тағайындалды, мен филология факультетінің деканы қызметіне келдім. Осы жылдан бастап Захаңмен жиі кездесіп, мәжілістерде, кеңестерде бірге жұмыс істедік. Университеттің ғылыми жұмыстар бойынша проректоры ретінде Захаң әлеуметтік маңызы айрықша зор бірнеше мәселелердің оңтайлы шешілуіне үлес қосты. Олардың бастылары қатарынан екі-үшеуін атап өтейін: университеттің құрылымдық бірліктері негізінде алты бірдей ғылыми-зерттеу институты құрылып, олардың әрқайсысының заңды тұлға ретінде ғылыми мектепке айналуы; ғылыми-технологиялық парктің ашылуы; он алты серия бойынша «ҚазҰУ Хабаршысы» журналының шығуы. Бұлар университеттің айбынын асырып, айдынын кеңейткен, интеллектуалдық қуатын күшейткен жетістіктер еді.

Ғылым мәселелері бойынша Захаң маған тікелей басшылық жасады. Университет осы тұста көпдеңгейлі жаңа білім жүйесіне көшті. Бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейлері бойынша білім мазмұнын анықтау, мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын, оқу пәндерінің типтік бағдарламаларын жасау, оларды оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету, әсіресе таңдау пәндерін дайындау және оқу құралдарымен қамтамасыз ету ғылымның түрлі салаларының жетістіктеріне негізделген қыруар жұмысты талап етті. Әсіресе ұлттық мазмұны қанық оқу пәндерінің университеттің интеллектуалдық қазынасына, құндылықтарына айналуы туралы талап профессорлар өз қалаулары бойынша қабыл алған үлкен де жауапты міндетке айналды. Бұл міндет профессорлар корпусының ғылыми-шығармашылық ізденістерін мақсатты түрде ұйымдастырып, үйлестіруді талап етті. Бұл бағыттағы жұмыстардың бағыты мен бағдарын басқа факультеттер сияқты біздің факультетіміз де Зұлхайыр Аймұхаметұлының басшылығымен анықтады. Бұл кезең университет өміріндегі, университеттің оқытушы-профессорлар құрамы өміріндегі өте жауапты кезең еді. Біздің факультетіміздің осы бір сындарлы кезеңде үлкен жетістіктерге жетуінде университет басшылығының жетекшілік, ұйымдастырушылық, үйлестірушілік қызметі айрықша маңызды болғанында сөз жоқ. Сол маңызды істе Захаң мені ықыласымен де, сөзімен де, ісімен де қолдап отырды. Бір ғажабы, факультетте бір істі жасарда, ректоратты ойға алып, бұл іске басшылардың қалай қарайтыны туралы ойлана қалғанда, Захаңның осы істі мақұлдайтынын не мақұлдамайтынын іштей сезіп отыратын болдым. Оның мәнісі Захаңның басталар істің мәнін қолданыстағы нормативтік құжаттар талабы, университет мүддесі, білім алушы жастар мен оқытушы-профессорлар сұранысы тұрғысынан анықтап, бағалайтынына деген берік сенім еді. Захаңа деген осы сенімім бүгінге дейін өзіммен бірге келеді.

2001 жылы Зұлхайыр Аймұхаметұлы университеттің бірінші проректоры болып тағайындалды, мен оқу ісі жөніндегі проректор болып тағайындалдым. Бірге, қатар қызмет атқардық. Күрделі мәселелерге тап бола қалсам, оның шешуіне келгенде, осыған Захаң қалай қарар екен деп ойланамын, Захаңмен ақылдасамын. Захаң қолдаған мәселелерді ректордың, ректораттың қарауына, ғылыми кеңестің

талқылауына ұсынамыз. Захаң қолдаған іс әрқашан дұрыс шешімін табады. Осындай мәселелердің ең бір қиыны және күрделісі университеттің білім беру қызметі саласында Сапа менеджменті жүйесін жасау еді. Білім беру ісін ұйымдастыру, басқару, бақылау, бағалау сияқты қыруар сатылар бойынша арнайы технологиялар жасау керек болды. Жасадық. Сынақтан өткіздік. Жетілдірдік. Соның әрқайсысы университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде, конференцияларда, ректорат, Ғылыми кеңес мәжілістерінде қаралды, талқыланды. Захаң осы жұмыс барысында да көмегін аяған жоқ. Ең жауапты мәселелердің бірі университеттің білім беру қызметі саласындағы Сапа менеджменті жүйесінің принциптерін жасау еді. Біз сегіз принципті негіздедік. Сол сегіз принциптің ең бір қиынын ғылыми тұрғыда негіздеуді Захаңнан өтіндім. Захаң бірден келісім берген жоқ. Ойланып, толғанып жүріп, ақыры, келісті. Қалған принциптер бойынша кеңесін берді. «Сегіз принцип» негізделді, университеттің білім беру қызметі саласындағы «Сапа менеджменті жүйесі» 2005 жылы жеке кітап болып жарияланды. Барлық құжаттар университеттің ғылыми кеңесінің мәжілістерінде мақұлданды, университет ректорының бұйрықтарымен бекітілді. 2005-2006 оқу жылында университеттің білім беру қызметі саласындағы Сапа менеджменті жүйесі шешуші сынақтан өтті. Жүйе маман даярлаудың сатылары мен кезеңдерін ұдайы жақсартудың және білім беру үдерісін тұтастай жаңартудың, сапаны басқарудың таптырмас технологиялық тетігі қызметін атқарды. Осының бәрі университет өміріндегі үлкен жетістіктер еді. Осындай жетістіктері үшін университет Қазақстан жоғары оқу орындары ішінде бірінші болып Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының лауреаты (2006 ж.), «Алтын қыран» иегері болды, ТМД елдері арасында өткен осындай конкурстың дипломанты (2008 ж.) атағын алды.

Захаң менің барлық ұсыныстарымды қолдап отырды десем, артық болуы мүмкін. Оның үстіне кісінің барлық ұсыныстары барлық жағдайда бірдей бірден-бір тиімді, қолайлы бола бермейтіні белгілі. Осының екі мысалын айтайын. Оның бірі осы күні университет баспасынан шығып жатқан «Өнегелі өмір» сериясының әрідегі тарихымен байланысты. Университет абыройын асыратын, насихаттайтын іс-шаралар жайы қаралғанда, мен «Университет өзінің көрнекті түлектерінің естеліктерінде» деген сериялық басылым шығару туралы ұсыныс жасадым. Оған түрткі болған - Мәскеу мемлекеттік университетінің осындай тәжірибесі. Мұндай сериялық басылымның жылына бір кітабын дайындаудың өзі оңай емес-ті. Менің ойым осындай сериямен бес жылда болса да бір кітап шығарып тұруды дәстүрге айналдыру болған. Захаңды мұндай сериялық басылым кітаптарын дайындауды ұйымдастырудың машақаты қатты ойландырды. Сөйтіп Захаң университет туралы университеттің көрнекті түлектерінің естеліктерін емес, университеттің өз көрнекті түлектері туралы естеліктер, эсселер сериясын шығаруы қажеттігі туралы айтты. Серия басылымдарын дайындаудың жеңілдігі, басылым жиілігін қамтамасыз ету мүмкіншілігінің молдығы жағынан алып қарағанда, Захаңның ұсынысы тиімді еді. Захаң өз ұсынысын негіздеген соң, мен ұсынысымды қайтып алдым. Екінші мысал университеттің кітапхана қорын ішкі мүмкіншіліктер есебінен көбейту жолдары туралы. Ол кезде университет жанынан құрылған диссертациялық кеңестерде қорғалған докторлық және кандидаттық диссертациялардың бір данасы

университеттің кітапханасына қолжазба түрінде тапсырылатын. Белгілі ғылым салаларында ең жаңа нәтиже болып есептелетін осы еңбектерге студенттер мен ізденушілердің, оқытушылардың қолжетімділігі мүлде мардымсыз күйде еді. Университет баспасынан шағын тиражбен шығып жатқан оқулықтар мен оқу құралдарының, зерттеу еңбектердің жағдайы да осы шамалас болатын. Университет кітапханасының оқу қорын диссертациялық зерттеулер мен университет баспасынан шығып жатқан оқулықтар мен оқу құралдарының, ғылыми еңбектердің электрондық нұсқасымен байыту туралы ұсыныс жасадым. Мәселенің оң шешімін табуы Захаңның қолдауына байланысты. Мәселені оң шешу үшін кедергі болатын екі себеп бар еді. Екеуін де техникалық кедергілер қатарында есептедім. Техникалық дегеніммен, осы екі кедергінің ар жағында олардың әрқайсысының сұраушылары тұрды. Білім алушы жастардың оқуына, сапалы білім алуына қажетті жағдай жасау, оны ұдайы жақсарту қажеттігі тұрғысынан алып қарағанда, әлгі екі кедергі де, олардың артындағы сұраушыларының уәжі де маған маңызды болып көрінбеген. Бірақ бұл мәселені шешуге келгенде, Захаңның қолдауын ала алмадым. Диссертациялардың электрондық нұсқасын кітапханаға беру - диссертациялық кеңес туралы Ереже талаптарында жоқ талап. Захаң диссертанттарға Ережеде жоқ талапты қоюдан тартынды. Өйткені менің ұсынысым білім алушылар үшін тиімді, игілікті болғанмен, Ереже талаптарына сай емес еді. Университет кітапханасына университет баспасынан жарық көріп жатқан кітаптардың электрондық нұсқаларын беру туралы ұсынысым баспаның коммерциялық мүддесіне сай келмеді.

Захаң өндіріс мәселелері бойынша тиісті пікірін айтарда қолданыстағы талаптар жүйесінен шықпады. Захаңның осындай ұстанымының өзі маған сабақ болды: қолданыстағы жүйеден шығуға болмайды; ел үшін игілікті болар істі шешудің тетігі қолданыстағы талаптар жүйесіне қайшы болмасын; игілікті істі жүзеге асырудың құқықтық тетігі болмаса, оны жасау керек, т.б.

Зұлхайыр Аймұхаметұлымен бірге жүріп, бірге қызмет еткен ұзақ жылдар бойында Захаңның менің есімде қалған жақсы істері, жақсы сөздері аз емес. Бүгінде өткен күндерден есте қалған белгілерді көз алдыма елестетсем, Захаң туралы тек жақсы әсерде боламын. Захаңның өзіме не басқаға ренжіген сәтін көрмедім, менің де Захаңа ренжіген жерім жоқ. Қатар жүрген, қатар қызмет еткен азаматтардың бір-бірін ренжітпей, бір-біріне ренжімей, бірінің көңілі бірінен қалмай келе жатқаны — адам баласы үшін үлкен байлық.

Зұлхайыр Аймұхаметұлының ғылыми жұмыстары лабораториялық тәжірибе нәтижелеріне негізделеді. Лабораториялық тәжірибелердің бірінде маңызды ғылыми жаңалық ашатын болса, Захаң қуанғаннан далаға жүгіріп шықпайды. Оны растауы мүмкін және теріске шығаруы мүмкін ықтимал болжамдар мен жағдайлардың бәрін сарапқа салып, тағы да әлденеше лабораториялық тәжірибе өткізеді. Нәтиженің дұрыстығына, оны теріске шығарудың мүмкін еместігіне толық көз жеткізгенде ғана тыныштанады. Осы тыныштық Захаңды ғажап рахат күйге бөлейді. Мұндай рахат күйдің қуанышын нағыз ғалым ғана сезеді. Бірақ Захаң осы ғажап рахат күй құшағында қала бермейді. Жаңа идея, жаңа болжамдар ғалымды жаңа ізденістерге бастайды.

Зұлхайыр Аймұхаметұлы — жаратылыстану ғылымындағы мақсаты анық,

ойлауы айқын, өмірді, өмірдің химиялық һәм физикалық қасиеттерін терең білетін әлемдік тұлға. Ғалымның ғылыми зерттеулерінің нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда мыңға жуық ғылыми мақалалар, баяндамалар мен тезистер, монографиялар мен оқулықтар, авторлық куәліктер мен патенттер түрінде жарияланып, ғылыми айналымға түсті, өндіріске енгізілді. Елуден астам ғылым докторлары мен кандидаттарын даярлады. Өзі бас редактор болып шығаратын «Eurasian Chemico-Technological» журналын Scopus базасындағы халықаралық журналдар тізбесіне енгізді. Жану мәселелері институтын халықаралық деңгейдегі ғылыми орталыққа айналдырды. Химиялық физика саласында ғылыми мектебін қалыптастырды. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық, ғылыми-ұйымдастырушылық қызметінің жарты ғасырлық жарқын жолында Захаң Қазақстан ғылымының жарық жұлдыздарының біріне айналды, Қазақстанның ғылымы мен білімінің дамуына, Қазақстанның жоғары мектебінің өсіп-өркендеуіне, еліміздің интеллектуалдық әлеуетінің артуына зор үлес қосты.

Зұлхайыр Аймұхаметұлы десек, есте Жану мәселелері институты тұрады. Жану мәселелері дегенде, көз алдымызға лаулаған от келеді. Дүниеде оттан асқан таза нәрсе жоқ. Отта адамның айналасын, ойы мен бойын залалды, зиянды күштерден тазартатын ғажап қасиет бар. Елу жыл бойы от ұстап келе жатқан ғалымның ойы да, бойы да отпен бірге бірбүтін болып кеткенге ұқсайды: шалқымай, бірқалыпты жанады, жарығы мен қызуы да тұрақты.

Зұлхайыр Аймұхаметұлын дүние есігін ашқанына жетпіс жыл, ғылыми-педагогикалық қызметіне елу жыл толуына байланысты ізгі тілектермен шын жүректен құттықтаймын. Жаққан отының жарығы мен қызуы тұрақты қалпында тұра берсін.

2016